

[27] Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, «Рауан», 1990. – 184-бб.

[28] Щерба Л.В. О тройком аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании //Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – М.: «Просвещение», 1964. Ч.II. – С. 361-373.

[29] Щукин А.Н. Лингводидактический энциклопедический словарь. М; Астрель: АСТ: Хранитель, 2007, 746 с.

[30] Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита (Опыт практического приложения лингвистической теории) //Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. Очерк. Хрестоматия. – М.: Наука, 1970. – С.123-148. (Впервые было опубликовано в журнале «Культура и письменность Востока». – М., 1928. Кн. 1. С.41-64).

[31] Ingeborg Baldauf. Schriftreform und Schriftwechsel bei den muslimischen Russland und sowjettürken (1850-1937): Ein Symptom Ideengeschichtlicher und kulturpolitischer entwicklungen Akademiai klado – Budapest, 1993, 782 p.

*МРНТИ 16.21.37*

### **З.М.Базарбаева**

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Алматы, Қазақстан

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ СУПЕРСЕГМЕНТТІ ФОНЕТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ**

**Аннотация.** Мақала қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының суперсегментті фонетика саласындағы ғылыми мұрасына арналған. Интонацияның негізгі компоненттері, олардың дыбыстық сөйлеудегі қызметі Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми ілімі тұрғысынан сипатталады. *Әуен, қарқын, үдемелік, пауза, тембр* деген интонацияның компоненттеріне егжей-тегжейлі сипаттама берілген. Тілдің интонациялық ерекшелігі просодикалық құралдарды таңдауда және олардың өзара байланысында көрінеді. Ахмет Байтұрсынұлының пікірінше, қазақтың просодикалық жүйесі орыс тілінен гөрі француз тілінің просодикалық жүйесіне ұқсас. Орыс екпіні сөйлемнің әр жеріне түссе, ал қазақ екпіні француз тіліндегідей сөйлемнің соңына түседі.

Интонацияның ең кіші функционалдық бірлігі туралы түсінік берілді. Интонома – таңба, оның формасы да, мазмұны да бар. Фонемалар сияқты интономаның саны шектеулі. Эксперименттік-фонетикалық зерттеулер

негізінде қазақ тілінің 8 интономасы анықталды. Интономаның негізгі қызметі сөйлемдерді бір-бірінен айырып ажыратуда болып табылады.

Мақалада поэтикалық сөйлеу интонациясына ерекше назар аударылады. Ғалым *бунақ, шумақ, тармақ, ырғақ* сияқты ұғымдарды ғылыми айналымға енгізді, солар арқылы поэтикалық мәтіндер сипатталды. Ғалымның функционалды грамматиканы дамытуға қосқан ғылыми үлесі талданады. Ахмет Байтұрсынұлы өз зерттеулерінде дискурс теориясының мәселелерін қарастырады, қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөйлеу фактілерін коммуникативті-прагматикалық аспектісінде зерттейді.

**Тірек сөздер:** суперсегментті фонетика, әуен, қарқын, үдемелік, пауза, тембр, интонома, бунақ, шумақ, тармақ, ырғақ, екпін, дискурс.

### **З.М.Базарбаева**

главный научный сотрудник Института языкознания имени  
Ахмета Байтурсынулы, доктор филологических наук, профессор,  
академик НАН РК Алматы, Казахстан

### **АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ – ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСКОЙ СУПЕРСЕГМЕНТНОЙ ФОНЕТИКИ**

**Аннотация.** Статья посвящена научному наследию основоположника казахского языкознания Ахмета Байтурсынулы в области суперсегментной фонетики. С позиции учения Ахмета Байтурсынулы описываются основные компоненты интонации, их функции в звучащей речи. Дается подробное описание компонентов интонации: мелодики, темпа, интенсивности, паузы, тембра. В выборе просодических средств и их взаимодействии проявляется интонационная специфика языка. По мнению Ахмета Байтурсынулы, казахская просодическая система более похожа на просодическую систему французского языка, нежели русского. Это проявляется в природе казахского ударения, которое, как во французском языке, падает на конец слова в отличие от разноместного русского ударения.

Объясняется понятие интономы – наименьшей функциональной единицы интонации. Интонома – это знак, который имеет и форму, и содержание. Количество интоном так же, как и фонем, ограничено. На основе экспериментально-фонетических исследований было выявлено 8 интоном казахского языка. Раскрывается основная функция интономы, служащая для дифференциации высказываний.

Особое внимание уделяется интонации поэтической речи. Ученый ввел в научный оборот такие понятия, как слог, куплет, строка, ритм, посредством которых описываются поэтические тексты. Анализируется научный вклад ученого в развитие функциональной грамматики. Ахмет Байтурсынулы в своих исследованиях рассматривал проблемы теории

дискурса, впервые в казахском языкознании исследовал речевые факты в коммуникативно-прагматическом аспекте.

**Ключевые слова:** суперсегментная фонетика, мелодика, темп, интенсивность, пауза, тембр, интонация, слог, куплет, строка, ритм, ударение, дискурс.

### **Z.M.Bazarbayeva**

Chief Researcher of the Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynuly, Doctor of philological sciences, professor  
Academician of the National Academy of Sciences of  
the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

### **AKHMET BAITURSYNULY – THE FOUNDER OF KAZAKH SUPER-SEGMENTAL PHONETICS**

**Annotation.** The article is devoted to the scientific heritage of the founder of Kazakh linguistics Akhmet Baitursynuly in the field of super-segmental phonetics. From the point of view of the teachings of Akhmet Baitursynuly, the main components of intonation, their functions in sounding speech are described. A detailed description is given to the components of intonation: melody, tempo, intensity, pause, timbre. The intonation specificity of the language is manifested in the choice of prosodic means and their interaction. According to Akhmet Baitursynuly, the Kazakh prosodic system is similar to the prosodic system of the French language rather than Russian. This is manifested in the nature of the Kazakh stress, which, like in French, falls on the end of the word, in contrast to the different-place Russian stress.

The concept of intoneme, the smallest functional unit of intonation, is explained. Intoneme is a sign that has both form and content. The number of intonemes, as well as phonemes, is limited. On the basis of experimental-phonetic research, 8 intonemes of the Kazakh language were identified. The main function of intoneme is revealed, which serves to differentiate statements.

Particular attention is paid to the intonation of poetic speech. The scientist introduced into scientific circulation such concepts as syllable, verse, line, rhythm through which poetic texts are described. The scientific contribution of the scientist to the development of functional grammar is analyzed. Akhmet Baitursynuly in his research examined the problems of the theory of discourse, for the first time in Kazakh linguistics he explored speech facts in the communicative-pragmatic aspect.

**Key words:** super-segmental phonetics, melody, tempo, intensity, pause, timbre, intoneme, syllable, verse, line, rhythm, stress, discourse.

Қазақ тіл біліміндегі алғашқы зерттеулер халқымыздың тұңғыш тіл маманы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен басталатыны белгілі. Батыс және орыс әдебиетін жете білген ғалым, қазақ тілінің суперсегментті фонетикасын орыс, поляк, француз, чех тілдерімен салыстыра зерттеген. Екпіннің табиғатын және қызметін қарастырып, А.Байтұрсынұлы тілдерді екі топқа бөлген: «екпін буыны бірыңғай келетін тілдер және екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер» деп. Екпін буыны бірыңғай келмейтін, орыс тілі сияқты, екпіні сөздің әр жерінде, «көшкілеп» жүретін тілдермен салыстырып, қазақ тілі, екпін буыны бірыңғай, сөз аяғында келетін француз тіліне ұқсас депті, ғалым [1].

Кезінде өзімнің кандидаттық диссертациямды үш тілдің материалында орындадым. Қазақ, француз және орыс тілдерінің интонациясын салыстыра зерттедім. Сонда эксперименттік-фонетикалық зерттеулердің нәтижесінде қазақ тілінің просодикалық ерекшеліктері орыс тілінен гөрі француз тіліне ұқсас деген тұжырымға келдім. Сол уақытта А.Байтұрсынұлының еңбектерінен хабарым болмаған. Ал 90-жылдары егемен алғаннан кейін Байтұрсыновтың еңбектері жарық көргенде эксперименттік нәтижелері дұрыс болғанына көзім жетті.

А.Байтұрсынұлы суперсегментті фонетиканың негізгі ұстанымдарын көрсетіп бір арнаулы жүйеге салған. «Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайырылып отырады, өлеңдегі сөз ырғақтарының үстіне өлеңнің өз ырғақтары қосылады» деп интонацияны өте дәл бейнелеген. Қазіргі кезде интонация бірнеше компоненттен тұратын күрделі құбылыс екенін эксперимент арқылы дәлелденді, олар: *әуен, кідіріс, қарқын, үдемелік, ырғақ, әуезділік* интонацияның компоненттері болып табылады. А.Байтұрсынұлы интонацияның әр компоненті туралы өз пікірін білдірген.

Интонация сөйлемнің әр алуан түрлеріне «өрнек», айшық-ою» болып, кілемнің басына түсетін бейне-бір өрнектердей сызылады дейді ғалым. Өрнектер дегенде ғалым интонацияның негізгі компоненті әуен туралы айтқаны күмән тудырмайды. Барлық тілдердегі интонацияның ең басты да универсалды компоненті – әуен. Себебі қай тілдің болса да басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде сол тілдің өзіне ғана тән әуені үлкен роль атқарады да, ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады. Жалпы әуеннің сөйлемдегі атқаратын қызметі әр алуан. Біріншіден, сөйлеу тілінің ағысын неше түрлі бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен және онымен қоса кідіріс. Екіншіден, сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде үлкен қызмет атқарады. Үшіншіден, грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге, оның нюанстарын анықтауға қатысады. Төртіншіден, оның сөз тізбектерінің синтагмалық

акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде мәні зор.

Дауыс әуені жеке бастың сөйлеу мәнеріне қарай өзгеріп, сөйлеу ерекшеліктеріне қарай құбылып, стилистикалық бояуымен сипатталуы мүмкін. Алайда әуеннің нормаға сәйкес негізгі формасы сақталады, себебі онсыз сөйленімнің негізгі мазмұны өзгеріп, түсініксіз болып, бір ойды жеткізе алмауы мүмкін.

Әуеннің акустикалық сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын негізгі тон жиілігімен (частота основного тона) сәйкес келеді. Сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігі сөз барысында ұдайы құбылып тұруы реципиенттің қабылдауына әсер етіп, сөйленім мен мәтін мазмұнын дұрыс түсінуге көмектеседі. Тілдегі негізгі тонның абсолюттік мазмұны сөйлеушінің дауысының жоғары не төмен болуымен байланысты деп есептеледі. Бірақ дауыс аппаратының ерекшеліктерімен байланысты еркектердің жуан, яғни төмен дауысының немесе әйелдердің жіңішке, яғни жоғары дауысының интонациялық мазмұнының да өзара лингвистикалық айырмашылығы жоқ екені анық. Мұндай интонациялық және лингвистикалық мазмұны шамалы фактордың тағы бірі – қазақ тіліндегі үндестік заңына бағынатын ашық, жуан дауыстылар мен қысаң, жіңішке дауыстылардың негізгі тонының жиілігі арасындағы айырмашылығының елеусіз болуы.

Жоғарыда айтылып кеткен факторлар сөйлеу тіліндегі интонацияның жалпы тоналды контурын айтарлықтай өзгерте алмайды. Қазақ тіліндегі интонацияның жалпы тоналды контурына әсер ететін фактордың біреуі – ол синтагманың ең соңғы логикалық маңызды сөзіне түсетін екпін, басқаша айтқанда, синтагманың соңғы сөзінің акценттелуі, екіншісі – адамның эмоциялық жағдайына, яғни қызулану, әсерленуіне байланысты сөйлемдегі негізгі тон жиілігінің өсуі.

Сөйлеу тіліндегі тоналды контурдың жалпы бағыты түрлі-түрлі болуы мүмкін. Олар көтеріңкі, бәсең, көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі немесе бірқалыпты болуы мүмкін. Тоналды контурдың жалпы бағытынан басқа интонацияны сипаттауда орын алатын ерекшеліктер болып оның интервалы мен диапазоны саналады. Бұлар ең алдымен интонацияның негізгі тон жиілігімен тығыз байланыстылығының үстіне әуеннің бәсеңдеу не көтерілу мөлшерін де қамтиды. Мысалы, хабарлы сөйлемнің интонациясының негізгі тон жиілігі бұйрықты және лепті сөйлемдердің интонациясының негізгі тон жиілігімен бірдей болып басталғанымен, олардың төмендеу-жоғарылау диапазоны мен интервалының өзгешіліктері бар екені анық байқалады [2].

Интонацияның тоналды интервалы болымды және болымсыз болып екіге бөлінеді. Егерде салыстырмалы өлшемнің біріншісінің интервалы оның екіншісінің интервалынан кем болса, онда тоналды интервал болымды боп есептеледі. Егерде керісінше болса, онда – болымсыз болады. Синтаксистік ең маңызды шағын өлшемдер, яғни синтагмалар және сөйлемдер өзіне тән тоналды диапазондармен сипатталады.

Тоналды диапазон дегеніміз негізгі тонының жиілігінің ең үлкен және ең кішкентай мөлшерінің арасындағы айырмашылығы арқылы белгілі болады. Ол диапазондар көлемді (кең), көлемсіз (тар), орташа болып үшке бөлінеді. Эмоциялық мағыналы сөйлемдердің тоналды диапазоны көбінесе көлемді сипатты болып келеді. Бұған лепті сөйлемдердің тоналды диапазоны жатады. Мысал ретінде түрлі ұрандарды келтіруге болады. Синтаксистік өлшемдердің маңыздылығы немесе маңызының шамалылығы оның диапазонының мөлшеріне байланысты деуге болады. Мысалы, сөйлемнің ішіндегі қыстырма сөз болсын, сөз тіркестері болсын, тіпті үлкен қыстырма бірліктер де, бәрі бірдей өзінің диапазонының көлемсіздігімен сипатталады. Олар сөйлеу тілінде тез, бірсыдырғы айтылып, олардың мазмұнының қосымша ғана информация беріп тұрғаны айқын байқалады.

Сөйлеу тіліндегі синтаксистік сегменттер – фраза, синтагма, ритмикалық топтарды бейнелеуде жоғарыда келтірілген акустикалық ерекшеліктерден басқа оларға тән интонацияның тоналды деңгейінің де мәні едәуір. Мысалы, бұйрықты сөйлем мен хабарлы сөйлемнің тоналды деңгейі жоғары болып келеді. Интонациялық контурдың тік не жайпақ болуы, тоналды деңгейдің жоғары не төмен түсіп өзгеруінің құбылуының жылдамдығымен байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасының маңыздылығы оның поэзиялық ізденістерінен байқалады. «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлы қазақ өлеңінің құрылысын жан-жақты зерттеп, оның буын, ағым, толқын, жорғақ заңдылықтарын ашып, терең пайымдаулар айтып кеткен. А.Байтұрсынұлының шығармаларында өлеңнің кестесі, айшығы, оның шумақ, тармақ, бунақ құрылыстары жіті тексеріліп, ондағы ырғақ, интонация ерекшеліктері де әңгіме етіледі.

А.Байтұрсынұлы өлең кестесінің, өлең айшықтарының түрлі-түрлі болып келетінін, олардың бір шумақты, екі шумақты, үш шумақты, төрт шумақты, одан да көп шумақты болатынын айта келіп, оларға Абайдан мысалдар келтіреді. Шумақтың бірнеше тармақтан тұратынын, әр тармақта бірнеше «бунақ» болатынын, бунақтың бірнеше буыннан тұратынын айтады. «Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы», дейді. Сонымен «бунақ», кейін «ырғақты топ» деп аталып жүрген өлеңдегі бірнеше буыннан тұратын өлшем.

- 1) *Мен келдім // Мырзалардың // ордасына (11)*
- 2) *Сөз айттым // қасындағы // молдасына (11)*
- 3) *Әркімдер // жүйрік қазақ // дегенменен (11)*
- 4) *Көңілім // тоқтамады // бармасыма (11)*

- 1) *Білімдіден // шыққан сөз (7)*
- 2) *Талаптыға // болсын кез (7)*
- 3) *Нұрын сырын // көруге (7)*
- 4) *Көкірегінде // болсын көз (7)*

- 1) *Бойы бұлғаң // (4)*
- 2) *Сөзі жылмаң // (4)*
- 3) *Кімді көрсем // мен сонан (7)*
- 4) *Бетті бастым // (4)*
- 5) *Қатты састым // (4)*
- 6) *Тұра қаптым // жалмажан. (7)*

А.Байтұрсынұлы Абайдың үш түрлі өлеңін келтіріп, олардың айшығы әртүрлі болатынын көрсетіп отыр. Бірінші өлеңнің кестесі үш бунақтан құрылған, бірінші бунақ үш буыннан, екінші және үшінші бунақтар төрт буыннан тұрады. Тармақтың өзіне он бір буын кіреді. Екінші өлеңнің айшығы мүлдем басқа. Ол жеті буынды өлең, екі бунақтан құрылған, біріншісі төрт буыннан, екіншісі үш буыннан тұрады. Үшінші өлеңнің кестесі алғашқы екі өлеңдерге ұқсамайтынын байқау қиын емес. Бірінші, екінші, төртінші, бесінші тармақ бір бунақтан, ал үшінші, алтыншы тармақ екі бунақтан: біріншісі төрт буыннан, екіншісі үш буыннан тұрады.

А.Байтұрсынұлы пікірі бойынша, сөздің өлең болып, көңілге ұнап, реттілігінен туатын қасиет сөзді айтқан кезде сағаттың жүргені сияқты, тамырдың соққаны сияқты, дауыстың бір түрлі ырғақ-ырғағы болады. Сағат және тамыр соққанының арасы қандай бірдей болса, сөз сөйлегендегі дауыс ырғақтың арасы да сондай болады, ырғақ сөзді бірдей буынға бөледі. Сөз қамыс сияқты бунақ буыны бар нәрсе болып шығады және сөздің буындары бір қалыпта болады дейді ғалым. Өлеңді айту, тыңдау процесіне қатысты біршама уақыт қажет. Өлеңдерді сипаттауда мөлшерлі компоненттердің мәні зор. Уақытқа қатысты қарқынның қызметін қарастырайық.

Сөздегі, синтагмадағы, сөйлемдегі, яғни синтаксистік сегменттегі ұзақтылықтардың бәрі жиналып келіп жалпы сөйлеу тілінің қарқынын бейнелеуге қатысады. Қарқынның өзіне тән лингвистикалық мәні бар. Олай дейтініміз, сөйлеу тілінің қарқынына қарап, ондағы мазмұнның қандай екенін, яғни мағынасы зор ма немесе шамалы ма, соны анықтауға болады. Мысалы, мазмұны зор информацияны мазмұны болмашы информациямен салыстырғанда ол баяу да салмақты қарқынмен айтылады. Кез келген ситуациядағы мәні мен қажеттілігі шамалы нәрсемен салыстырғанда, мәні зор, өзі қажетті, жаңа нәрсе уақытты да, еңбекті де көбірек керек ететін әдеттегі универсалды жағдайды алға тартуға болады.

Хабарлы сөйлем мен бұйрықты сөйлемнің қарқынын салыстырып қарасақ, бұйрықты сөйлем баяу да салмақты айтылады. Оның себебі бұйырушы өзінің сөзінің тыңдаушыға жетуімен ғана қанағаттанбай оның орындалуын да керек етеді. Лепті сөйлемдер де баяулау қарқынмен, ұзарыңқырап айтылады. Сөйлемдердің уақыт параметрі олардың коммуникативтік түрлерімен байланысты деуге болады. Сөйлемнің қарқыны эмоциалық жағдаймен де тығыз байланысты. Мысалы, қуанышты, ашулы жағдайда ол жылдамдаса, ал депрессия жағдайында және салтанатты

жағдайда баяулайды. Сонымен, сөйлеу тіліндегі интонацияның қарқыны сөйлемнің мазмұнына және сөйлеушінің эмоциясына да қатысы бар екені анық. Сонымен, поэтикалық тілдің бунақтары буын санымен реттеліп, гармониялық көркемділікпен сипатталады. Бунақ қазақ өлеңінің ең шағын өлшемі болып табылады және олар қосылып, универсалды семантикалық-синтаксистік, интонациялық бірлікке – синтагмаға кіреді. Өлеңнің буындары бір мөлшерде топтасып, қайталанып, сөз жігімен бөлініп бунақ құрайды, сонда арасында кідіріс пайда болады. Кідіріс интонацияның уақытқа байланысты сипаты. Мағынасына қарай ол физиологиялық, хезитациялық, жағдаяттық, эмоциялық, алдамшы деген түрлерге бөлінеді. Алдамшы кідіріс – бунақтардың арасында кідіріс болмайды, ал тонның күрт өзгеруі кідіріс сияқты қабылданады.

Ұлы зерттеуші поэзия тілінің екпін табиғатын талдай отырып, басқа еуропа тілдерімен салыстыра зерттеп, қазақ тіліндегі буын екпінінің француз тіліндегі сияқты сөздердің аяғына келетінін анықтайды және поэтикалық тілде дауыс ырғағы буын санымен өлшенетінін дәлелдейді. Мұндай буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі басқа да түркі тілдерінде, ал еуропа тілдерінің ішінде, тек француз тілінде қолданылады. Екпіннің табиғатын және қызметін сипаттайтын үдемеліктің мәні зор.

Үдемелік басқа компоненттермен бірігіп барып біршама мазмұнға ие болады. Үдемелік көбінесе дыбыстардың негізгі тон жиілігімен бірігіп, сөйлемдегі сөздердің акценттелуіне қатысады. Сөйлемдегі сөз тізбектерінің бір үзін (сегментін) акценттеу керек болса, сол жердегі үдемелікті күшейтеді. Бірақ үдемеліктің күшейтілгені құлаққа көбінесе дауыстың қатты шыққанындай болып естіледі. Дауыстың қатты шығуы тек үдемелікпен ғана емес, дауыстың негізгі тоны көтерілуімен де байланысты. Сөйлемнің үдемелігі бірдей екі сегменттің біреуінің құлаққа қаттырақ естілетіні оның негізгі тонының жоғарысы болады. Дауысты дыбыстардың үдемелігінің абсолюттік мәніне олардың артикуляциялық ерекшеліктері де әсер етеді. Қысаң дауысты дыбыстармен салыстырғанда ашық дауысты дыбыстардың үдемелігі мол екені экспериментті әдіспен дәлелденген.

А.Байтұрсынұлы өлең құрылысын мұқият талдап, поэтикалық мәтінде дауыс ырғағы буын санымен өлшенеді дейді. Өлең жүйесі қазақ және басқа да түркі тілдерінде буын санына негізделеді. Өлеңдердің сөйлем әуезділігі әнше қайырылып, толқынданып, қазақ және басқа түркі тілдерінің агглютинативтік құрылымы және үндестік заңына бағынады.

Әуезділік деп нені айтамыз? деген сұрақ қойып, ғалым өз сұрағына жауап береді: «Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы – дыбыстарының тізілу түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы – сөйлемдерінің тізілуі түрінен. Сондықтан сөз әуезділігі де болады, сөйлеу



әуезділігі де болады. Бірақ сөздің де, сөйлеудің де әуезді болуының негізі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды», дейді ғалым. Енді әуезділіктің қызметін қарастырсақ.

Әуезділік дегеніміз адамның әртүрлі көңіл күйін, эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл. Реңк арқылы қуаныш пен реніш, ашу мен ирония, көңілдену мен мейірлену, сықақ пен мысқыл т.б. сезімдер беріледі. Қазақ тілінде дауыс реңкі сезімдік (эмотивтік) мазмұнымен бірге сөйлемнің жалпы мағынасына да әсер етеді. Мысалы *Білеміз* деген сөйлемді алатын болсақ, дауыс реңкі басқа интонацияның компоненттерімен бірігіп жағымды я жағымсыз мағынаны білдіре алады. Ал акустикалық деңгейде алып қарасақ реңк спектрге сәйкес келеді.

Қазіргі тіл білімінде тілдің коммуникативтік, когнитивтік, прагматикалық қызметтерін жан-жақты зерделеуге бағытталған салалары қарқынды даму үстінде. Ол салалардың әрқайсысының өзіне тән ғылыми зерттеу әдіснамалары да негізделіп, қалыптасуда. Осындай жаңа бағыттардың нағыз өзегінде тұрған тіл білімінің суперсегментті фонетика саласы. Қазіргі таңда суперсегментті фонетика, яғни интонология интонацияны көп функциялы құбылыс ретінде қарастырады және оны тілдің басқа құралдарынан (лексика-грамматикалық) тәуелсіз деп есептейді. Қазақ интонациясының теориясы А.Байтұрсынұлының іліміне негізделген екенін көрдіңіздер және интонацияның әр компонентіне өз пікірін білдірген.

Интонация компоненттері синтагмалар, сөйлемдер арасындағы мағыналық қарым-қатынасты білдірудің бір әдісі ретінде қарастыруға болады. Бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден болған бір тақырып айналасында өрбитін сөйлемдері бар өлеңдерді күрделі синтаксистік тұтастықтарға жатқызуға болады. Бұларды ғалым «өрнекті сөйлемдер» деп атайды. «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз, дейді ғалым. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанымен өрнек-өрнегімен айтылады <...>. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, яғни ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады» – дейді Ахмет Байтұрсынұлы.

Ғалымның бұл айтқан сөздері соңғы кезде ғана зерттеле бастаған күрделі синтаксистік (фразалық) тұтастықтың мазмұны мен формасын және мәтін, дискурсты анықтайды. Дискурс бірліктері өзара байланысқа түсіп, сегменттеу ережелері бойынша топтасып, белгілі бір ойдың, ғалым айтқандай, «бас пікірдің» нәтижесі болып табылады. Сонымен өткен ғасырдың 20-жылдарында-ақ А.Байтұрсынұлы күрделі фразалық тұтастық,

мәтін, дискурс категорияларына баға беріп, оны өрнекті сөйлемдердің жиынтығы ретінде таныған.

«Өрнекті сөйлемдерге» анықтама бере отырып, А.Байтұрсынұлы олардың мақсатына қарай, себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым деп бөледі. Ахмет Байтұрсынұлы өрнекті сөйлемдердің шеңберінде қазіргі тіл білімінің категорияларын (мәтін, абзац, дискурс) шебер қолданады. Бұл ғалымның интуициясы мен әмбебаптылығын көрсетеді.

Тағы да айтатын жағдай, Ахмет Байтұрсынұлы соңғы уақытта дамып келе жатқан функционалды грамматикаға қатысты актуалды мүшеленудің тема мен ремасы жайында да өз пікірін айтып кеткен (цитата): «Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады» – дейді ғалым.

А.Байтұрсынұлының берген мысалын қарастырайық: «*Көлден ұшқан қалбаймын, // жаманның тілін алмаймын*». Қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі оның интонациялық өрнегі болса, екінші көрсеткіші оның сөздерінің екі синтагма тема мен ремаға бөлініп, жаңа мағына беретін акценттелген сөздің (*тілін*) сөйлемнің соңындағы баяндауыштың алдына барып тұруы.

Сөйлемді актуалды мүшелену проблемасы сөйлемнің коммуникативтік мақсатына байланысты жүзеге асады. Ғалым лингвистикалық заңдылықтарды зерттеп, қазіргі арнайы қарастырылып жүрген осы мәселені сол кездің өзінде-ақ танып білгенін көреміз. Адамдар өзара қарым-қатынасындағы нақты ситуацияда өзара сөйлесіп пікір алысу барысында алдына түрлі-түрлі коммуникативтік мақсат қоюы мүмкін. Сондықтан бір сөйлем сол мақсатқа байланысты әр түрлі коммуникативтік мазмұнға ие бола алады. Сөйлем актуалды мүшелерге бөлінгенде ондағы білдірілуге тиісті жаңа информация, оның ремасында болады да, ал темасындағы мазмұн ситуациадан немесе контекстен сөйлесушілерге белгілі болуы керек.

Сөйлеушінің ниетіне және прагматикалық мақсатына қарай просодикалық тәсілдер өзгеріп, құбылып тұрады. Синтагмадағы тонның және интенсивтіліктің бәсеңдеуі аяқталуының белгісі болады, олардың көтерілуі фразаның тиянақсыздығын, аяқталмағанын көрсетеді. Интонация компоненттерінің жоғары көрсеткіштері мазмұнның маңыздылығын көрсетеді, төмен көрсеткіштері мазмұнның шамалы екенінен хабар береді. Интонация өрнегі мәтіннің, дискурстың аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, оның жалпы интонациялық келбетін сызады.

Тілдің жүйесінде ерекше деңгейі бар тәуелсіз құбылыс ретінде интонацияның өзіне ғана тиісті өзгешелік мағынаға ие болатын бірліктері бар. Олардың саны да белгілі мөлшерден артпайды және олар кез келген тілден алынып талдауға, зерттеуге келеді. Олар *интонама* деп аталады.

Интонацияның ең шағын мазмұндық бірлігі, интонеманың тұрпат және мазмұн межесі бар. Сөйлеушілердің жадында негізгі интонемалар эталон болып сақталады. Осы интонеманы сөздерді бір-бірінен ажыратуда қызмет атқаратын, бірақ өзі ешқандай мазмұнға ие болмайтын фонемамен салыстырып қарауға болады. Өзін бөліп алғанда мазмұны жоқ фонемадан интонеманың айырмашылығы – оның өзіне тән болмысы ғана емес, сондай-ақ мағынасы мен қызметі де бар. Оның мағынасы да, қызметі де сөйлемнің барлық түрлерінде орын алады. Сөйлемнің қай-қайсысы болса да, интонемасыз сомдала алмайды, олардың әрқайсысының өзіне тән интонациясы бар. Сөйлемдердің қай түрінің болса да, сомдалып, аяқталып, коммуникативтік функцияға ие болып тұруында интонеманың мәні ерекше. Бізге мәлім бір сөзден тұратын атаулы сөйлемдерді сөйлем етіп тұрған интонация екені белгілі. Интонемалардың фонемалар сияқты варианттары болады. Ал ол варианттардың қайсысын қолдану, қайсысын қолданбау сөйлеушінің мақсаты мен еркіне байланысты. Интонеманың да фонема сияқты айқындау қасиеті болғандықтан оның негізгі қызметі сөйлемдерді бір-бірінен айырып ажыратуда.

Экспериментті-фонетикалық талдаудың нәтижесінде қазақ тілінде 8 интонема анықталған, олар: *тиянақсыз, тиянақты, жалпы сұрақ, арнаулы сұрақ, қатал бұйрық, сыпайы бұйрық, лепті*. Қазақ тілінің интонемалары ең шағын сегмент ретінде жай сөйлем, құрмалас сөйлем, күрделі фразалық тұтастықта, жалпы мәтінде, дискурста орын алады. Өрнекті сөйлемдердің интонемалары басынан аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, А.Байтұрсынұлы айтқандай, кілемнің, сырмақтың басына қайталап түсіп отыратын өрнегі сияқты болады.

Кейде сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік түрлеріне үстемеленетін мазмұн мен эмоцияға байланысты интонеманың варианттары құбылып, бірінің орнына бірі жұмсалып отыруы мүмкін. Бұл интонация мен грамматика бірліктерінің қарым-қатынасы өте күрделі және құбылмалы екенін көрсетеді.

Сонымен суперсегментті фонетиканың негізін қалаған А.Байтұрсынұлы екені дәлелденді. Сөйлеу тілінің интонациялық жүйесі, оның қызметі, бірліктері (интонемалары), компоненттері (әуен, қарқын, үдемелік, ырғақ, екпін, ұзақтылық, тембр т.б.) тілтанымның басқа салаларымен (синтаксис, семантика) және бағыттарымен (прагмалингвистика, дискурс теориясы, қарым-қатынас теориясы, когнитивті лингвистика, психолингвистика) байланысты қарастырылады.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

[1] Байтұрсынов А. Шығармалары (өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). Алматы, 1989. – 320.

[2] Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. Алматы, 1996. -225 б.

*МРНТИ16.21.00*

### **М.Малбақұлы**

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы, Қазақстан

### **САҢЛАҚ ҒАЛЫМ**

**Аннотация.** Мақалада тіл мен әдебиет мәселелерін бөліп-жармай тел ағымда алып қарастыра отырып, оларды ірі қоғамдық, гуманитарлық үрдісте зерделей білген ғалым Құлмат Өмірәлиевтің өмірі мен шығармашылығы туралы сөз қозғалады. Ғалым өзінің зерттеулерінде, баспадан шыққан төрт кітабында тіл мен әдебиеттің ортақ нысаны болып табылатын көркем әдеби тілдің алуан түрлі, көкейтесті мәселелерін зерделейді. Қазақ халқының тарихи поэтикасын жасаудың жолдарын көрсетеді, оның тарихи көздерін, тұма бастауларын ашады. Болашақ ізденушілерге қажетті зерттеу алаңдарын дайындайды. Аз ғана ғұмыр жасында елі үшін еңбек етіп, көп іс тындырған азамат ағаның, саңлақ ғалымның жазған зерттемелері әлі талай ұрпақтың қажетіне асары сөзсіз.

**Тірек сөздер:** эпостық жыр, этностаным, мәдениеттаным, қазақ поэзиясы, поэтикалық тіл.

### **М.Малбаков**

главный научный сотрудник Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, доктор филологических наук, профессор, Алматы, Казахстан

### **ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЁНЫЙ**

**Аннотация.** В статье рассказывается о жизни и творчестве Кулмата Омиевского, ученого, сумевшего исследовать вопросы языка и литературы в большом социально-гуманитарном процессе. В своих исследованиях в четырех опубликованных книгах ученый исследовал различные актуальные вопросы литературного языка, который является распространенной формой языка и литературы. Он показал пути создания исторической поэтики казахского народа, раскрыл ее исторические, врожденные истоки. Ученый подготовил необходимые исследовательские площадки для будущих соискателей. Несомненно, исследования великого ученого, всю свою